

2005 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша банктік емес ұйымдардың ағымдағы жағдайы

2005 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша республикада 112 кредиттік серіктестік қызметті жүзеге асыруда, оның ішінде 64 ауылдық кредиттік серіктестік бар, жұмыс істеп отырған кредиттік серіктестіктердің 88-і Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Аграрлық секторды кредиттеу мәселелері туралы» 2001 жылғы 25 қаңтардағы № 137 қаулысын жүзеге асыру шеңберінде құрылды; 79 ломбард және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге 49 ұйым, оның ішінде 4 ипотекалық компания жұмыс істейді.

№	Ұйымның атауы	01.01.2005	01.07.2005
1	Кредиттік серіктестіктер	83	112
2	Ипотекалық компаниялар	3	4
3	Ломбардтар	75	79
4	Басқа ұйымдар	43	45
	<b>Жиынтығы</b>	<b>204</b>	<b>240</b>

**Активтер.** 2005 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша кредиттік серіктестік активтерінің жиынтық мөлшері өткен аймен салыстырғанда 1 238 млн. теңгеге немесе 5,9 %-ке өсіп, 22 329 млн. теңгені құрады. Кредиттік серіктестік активтерінің құрылымында үлкен бөлікті заңды және жеке тұлғаларға берілген заемдар –73,8 % және банктердегі салымдар –21,0 % алып отыр, банкаралық кредиттердің және бағалы қағаздар портфелінің үлесі елеусіз болды.

Ипотекалық компаниялардың жиынтық активтері бір айда 3 527 млн теңгеге немесе 6,6%-ке өсіп, 2005 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 56 695 млн. теңге болды. Ипотекалық компаниялар активтерінің құрылымында үлкен үлесті заңды және жеке тұлғалардың заемдары (87,7 %) алып отыр.

Банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың жиынтық активтері өткен тоқсанда 46 839 млн. теңгеге немесе 6,6%-ке өсті және 2005 жылғы 1 шілдеде 757 924 млн. теңге болды. Банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым активтерінің құрылымында үлкен бөлікті заңды және жеке тұлғаларға берілген заемдар 13,1 % құрайды.

( млн. тенге)

№№	Атауы Наименование	01.01.2005	01.07.2005	
		Активтер Активы	Активтер Активы	Өсімі (%) Прирост (%)
1	Кредиттік серіктестіктер	10 219	22 329	118,5
2	Ипотекалық компаниялар	39 005	56 695	45,4
3	Ломбардтар*	6 716	*	*
4	Басқа ұйымдар**	96 593	757 924**	в 8 раз**

**Кредиттік портфель.** 2005 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша кредиттік серіктестіктердің кредиттік портфелі құрылымында елеулі орынды стандартты кредиттер алып отыр, олардың үлесі 85,9% болды. Соңғы айда кредиттік серіктестіктердің стандартты кредиттерінің үлесі ұлғайды. (84,0%-тен 85,9%-ке). Сонымен бірге күмәнді кредиттердің үлесі 15,9%-тен 14,0%-ке дейін азайып, соңғы айда үмітсіз кредиттер үлесі өзгерген жоқ - 0,1% болды.

Ипотекалық компаниялар бойынша стандартты кредиттердің үлес салмағы 98,7%, күмәнді - 1,33%, үмітсіздер - 0,04 % болды. Ипотекалық компаниялардың кредиттік

портфелі өткен есепті күнгі жағдай бойынша мына жағдайда көрінді: мұнда стандартты кредиттердің үлесі -98,91%, күмәнді- 1,03%, үмітсіз - 0,06% болды.

2005 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге ұйымдардың кредиттік портфелінің құрылымында стандартты кредиттердің үлесі 93,6%, күмәнді-5,6%, үмітсіз - 0,8% болды. Ағымдағы жылдың басында банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың кредиттік портфелі мына жағдайда көрінді: стандартты-89,7%, күмәнді -9,4%, үмітсіз -0,9% болды.

(млн. теңге)

№№	Атауы	01.01.2005	01.07.2005	
		Заемдар	Заемдар	Өсімі (%)
1	Кредиттік серіктестіктер	8 367	16 699	99,6
2	Ипотекалық компаниялар	35 307	49 870	41,2
3	Ломбардтар*	2 930	*	*
4	Басқа ұйымдар**	50 252	99 428**	97,9**

Жылдың өткен айында кредиттік серіктестіктердің жиынтық міндеттемелерінің жалпы сомасы 812 млн. теңгеге немесе 8,9%-ке өсіп, 2005 жылғы 1 шілдеде 9 943 млн. теңге болды. Кредиттік серіктестік міндеттемелерінің ең көп бөлігін алынған заемдар – 90,1% құрайды, 2005 жылғы 1 маусымда олардың жиынтық міндеттемелердегі үлесі 94,4% болды.

Ипотекалық компаниялар міндеттемелерінің жиынтық мөлшері наурыз айында 3 703 млн. теңгеге немесе 9,0 %-ке өсті және 2005 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 44 758 млн. теңге болды. Бұл ретте ипотекалық компаниялардың міндеттемелер құрылымында айналысқа жіберілген бағалы қағаздар (82,8%-ке) және басқа банктерден алынған заемдар (13,9%-ке) басым болғанын атап өткен жөн.

2005 жылғы 1 шілдеде банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын басқа ұйымдардың міндеттемелерінің жиынтық мөлшері өткен тоқсанда 39 464 млн. теңгеге немесе 24,7%-ке өсіп, 198 977 млн. теңге болды.

(млн. теңге)

№	Атауы	01.01.2005	01.07.2005	
		Міндеттемелер	Міндеттемелер	Өсімі (%)
1	Кредиттік серіктестіктер	5 746	9 942	73,0
2	Ипотекалық компаниялар	34 139	44 758	31,1
3	Ломбардтар	2 566	*	*
4	Басқа ұйымдар**	73 879	198 977**	169,3**

**Капитал.** Кредиттік серіктестіктердің балансы бойынша жиынтық меншікті капитал бір айда 4 250 млн. теңгеге немесе 3,6%-ке өсіп, 2005 жылғы 1 шілдеде 12 386 млн теңге болды.

Ипотекалық компаниялардың меншікті капиталы өткен аймен салыстырғанда 176млн. теңгеге немесе 1,5 %-ке өсіп, 2005 жылғы 1 шілдеде 11 937 млн. теңге болды.

2005 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын басқа ұйымдардың меншікті капиталының жиынтық көлемі бір тоқсанда 7 376 млн. теңге немесе 1,34%-ке өсіп, 558 947 млн теңге болды.

( млн. теңге)

№	Атауы	01.01.2005			01.07.2005		
		Меншікті капитал	Оның ішінде		Меншікті капитал	Оның ішінде	
			Жарғылық капитал	Бөлінбеген таза кіріс (өтелмеген шығын)		Жарғылық капитал	Бөлінбеген таза кіріс (өтелмеген шығын)
1	Кредиттік серіктестіктер	4 473	3 164	183	12 386	10 475	160
2	Ипотекалық компаниялар	4 867	3 770	687	11 937	10260	336
3	Ломбардтар	4 150	4 444	-257	*	*	*
4	Басқа ұйымдар	22 714	17 669	1 325	558947*	192 898**	1 719**

\* ломбардтар есеп беруді жылдық негізде ұсынады.

\*\* банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар есеп беруді тоқсан сайынғы негізде ұсынады.